



«Балдәурен» РОСО филиалы

Қысқа мерзімді жоспар

<b>Сабақ1.</b> <b>Тарау 1. Парасаттылық және этика</b>			
<b>Мерзімі:</b>		<b>Мұғалім:</b>	
<b>Сынып: 9</b>		<b>Сабаққа қатысқандар:</b>	<b>Сабаққа қатыспағандар:</b>
<b>Сабақтың тақырыбы:</b>		Адам бойындағы асыл қасиет - парасаттылық	
<b>Сабақтың мақсаты:</b>		Оқушыларға адам бойындағы ең асыл қасиет туралы түсінік бере отырып, парасаттылық ұғымын түсіндіру.	
<b>Сабақ кезінде:</b>			
<b>Сабақ кезеңі</b>	<b>Мұғалімнің іс-әрекеті</b>	<b>Оқушылардың іс-әрекеті</b>	<b>Ресурс</b>
<b>Мотивация</b> 5 мин	Сәлемдесу. Мұғалім оқушыларға өмір ұстанымы не екенін ұғындыру. Оқушылар берілген сұрақтарға жауап береді. Парасаттылық дегеніміз не?	Оқушылар берілген сұрақтарға жауап береді.	Дәптер, АКТ
<b>Кіріспе</b> 5 мин	<b>Парасаттылық</b> – адам бойындағы кісілік қасиет. Парасаттылық ұғымы ақылдылық пен білімпаздық, мәдениеттілік, көрегенділік, зерделілік мағынасында қолданылады. Парасатты адамға адамгершілік, инабаттылық, салиқалылық, мейірімділік, ізгілік, әдептілік, ұстамдылық, талғампаздық қасиеттері тән. Көпті көрген, көп білетін мұндай адам сөйлейтін әр сөзін ойланып, ақыл таразысына салып айтады. Дәстүрлі қазақ қоғамында парасатты адам бойында кездесетін асыл қасиеттердің біріне айналып, адамгершілік пен өнегелілік тұрғысынан жоғары бағаланған.	Оқушылар мұғалім оқыған лекцияны мұқият тыңдайды.	Дәптер, АКТ
<b>Негізгі бөлім</b> <b>20 мин</b>	Мұғалім оқушыларға тапсырма беріледі. Әр тапсырма бойынша егжей-тегжейге назар аударып, жалпылап, дәлелдейді. Тапсырма топтық жұмыс орындау.	<b>Тапсырма 1</b> <b>Жеке жұмыс</b>	Бағалау критерийлері: егжей-тегжейге назар аудару, жалпылау, дәлелдеу.

	 <p>Осы сурет бойынша топпен талқылау. Демонстрация мүмкіндіктері: <a href="https://www.google.com/search?q=%D2%9B%D2%B1%D0%B">https://www.google.com/search?q=%D2%9B%D2%B1%D0%B</a></p>	<p><b>Тапсырма 2</b> <b>Жеке жұмыс</b></p> <p>Жағдаят есептерді шешу</p>	<p>Демонстрация мүмкіндіктері</p> <p>Іс-әрекеттердің сәкестігі бағаланады.</p>
<p><b>Қорытындылау:</b> 5 мин</p>	<p>«Нәтиже» айдарымен жұмысты ұйымдастыру.</p>  <p>Осы сілтеме бойынша топпен талқылау Суретке анықтама береміз.</p>	<p>You Tube платформасында ізденіңіз. Жеке оқулықтарды қараңыз.</p>	<p>Болжалды сәйкестік ұсынылған жауаптар-құрылымы.</p>
<p><b>Рефлексия</b> 5 мин</p>	<p>Рефлексия «Білім ағашы». Білім ағашында ұсынылған өзіңізді белгілеңіз.</p>	<p>Оқушылардың деңгейлерін анықтайды. Олардың білімдері мен дағдылары және</p>	

«Балдәурен»РОСО филиалы

Қысқа мерзімді жоспар

<b>Сабақ 2.</b> <b>Тарау 1. Парассаттылық және этика</b>		<b>Мектеп:</b>	
<b>Мерзімі:</b>		<b>Мұғалім:</b>	
<b>Сынып: 9</b>		<b>Сабаққа қатысқандар:</b>	<b>Сабаққа қатыспағандар:</b>
<b>Сабақтың тақырыбы:</b>		Сүйіспеншілік жолындағы өмір	
<b>Сабақтың мақсаты:</b>		Оқушыларға адам бойындағы ең асыл қасиет туралы түсінік бере отырып, сүйіспеншілік ұғымын түсіндіру.	
<b>Сабақ кезінде:</b>			
<b>Сабақ кезеңі</b>	<b>Мұғалімнің іс-әрекеті</b>	<b>Оқушылардың іс-әрекеті</b>	<b>Ресурс</b>
<b>Мотивация</b> 5 мин	Сәлемдесу. Мұғалім оқушыларға өмір ұстанымы не екенін ұғындыру. Оқушылар берілген сұрақтарға жауап береді. Сүйіспеншілік дегеніміз не?	Оқушылар берілген сұрақтарға жауап береді.	Дәптер, АКТ
<b>Кіріспе</b> 5 мин	<b>Сүйіспеншілік жалпыадамзаттық құндылығы-</b> бұл барлық жүректерді, барлық тіршілікті, барлық кезеңдерді, барлық ұлттарды, барлық діндерді, күллі табиғат пен бүкіл ғаламды біріктіруші құндылық .Сүйіспеншілік - осы бір ғана сөз бүкіл әлемді өзіне жақындата түскендей болады. Жер бетіндегі қаншама тіршілік иесінің бойындағы осы құндылық ең нәзік те, мөлдір, тұп тұнық өзінше бір үлкен мәнге ие. Әттең осы құндылықты әрбір адам бағалап өз жүректерінде гүл ашуына ықпал етсе ғой шіркін, жер беті дәл қазіргі қалпынан басқаша болар ма еді... Жаратылысымызда мәңгілік ештеңе жоқ. Жер бетіндегі жалпы құбылыс үнемі өзгеріске ұшырап, қозғалысқа түсіп, ол мәңгілік жоғалып кетпесе де, бір күйден, екінші бір күйге ауысып отырады. Осы сияқты жер бетіндегі адам баласының тыныс-тіршілігі де үнемі қозғалыста. Сондықтан адамзат, қоғам, дәуір, заман алмасуын қанша рет бастан өткізгені белгісіз. Сол бір қиын-қыстау кезеңде елімізде өмір сүру, дүниені танып білу сезімінде мейірімсіздік пайда болып, бір-біріне деген сүйіспеншілігі кеми бастады. <b>Мәселен, баланың ата-анасына деген сүйіспеншілігінің жоғалуынан,</b>	Оқушылар мұғалім оқыған лекцияны мұқият тыңдайды.	Дәптер, АКТ

көптеген қариялар балалары бола тұра, қарттар үйін паналады. Ананың іштен шыққан нәрестесіне деген сүйіспеншілігінің жоғалуы салдарынан балалар үйі тастандыларға толды. Халқына, ағайын-жұртына деген сүйіспеншілігінің жоғалуынан кейбір шенеуніктер дүниеқоңыздыққа салынып, елге шығын әкелді. Осының барлығы адам баласының, бір – біріне мейірім шапағатына деген сенім, сезімінің аздығынан болып отыр.

Сүйіспеншілік – елдің ыстық ықыласына бөленудің ең төте жолы. Өйткені, сүйіспеншілік – пайғамбарлардың қастерлі жолы. Бұл жолдың жолаушылары жолдан жазып, тығырыққа тірелуі мүмкін емес. Тұйыққа тірелген күннің өзінде жабылған бір есіктің орнына басқа жерден мың есік ашылады. Иә, сүйіспеншілікпен барша адамзатты бауырға басып, жүректерге жол таба білсек, дүниеде шешімін таппаған мәселе қалмас еді.

Сүйіспеншіліктің негізгі түрлері

Сүйіспеншіліктің негізі үш түрі бар

1.Риясыз сүйіспеншілік

2.Өзара сүйіспеншілік

3.Өзімдік сүйіспеншілік

Риясыз сүйіспеншілік танытудың ең басты ерекшелік адамдардың бәріне бірдей нұр шуағын шашушы ,ештеңе қажетсінбестен қайтарамын. Риясыз сүйіспеншілік-Ақиқат(ойдағы сөзді)

Әрекет арқылы сүйіспеншілік –Дұрыс әрекет(іс-әрекеті)

Сезім арқылы сүйіспеншілік - Ішкі тыныштық (сезімдегі)



Түсіну арқылы сүйіспеншілік(түсінудегі)

Сүйіспеншілік –тіршіліктің тірегі.Риясыз сүйіспеншілік –тіршіліктің сәні мен мәнін келтіретін нұр әрі ең басты қуат көзі.Сүйіспеншілікті адам алғаш шыр етіп дүниеге келген сәтінен бастап сезіп,көре бастайды.Мейірімін төккен ата-ананың ыстық құшағына олардың аялы алақанын сезіне жүріп,өмірге төселеді.Есейе келе толағай сүйіспеншілікті көру-көрмеуі екіталай.Әйтседе адам өмір бойы сүйіспеншілікті іздеп,дауыл алдындағы шағаладай шарқ ұрып өтері анық. Жарық дүниеде барша кедергі кесепатты жеңетін күш те осы риясыз сүйіспеншілік.Осы мақсатта «мың өліп,мың тіріледі».Өлсе де ,тірілсе де,жүрекжарды ұраны,басты қаруы осы риясыз сүйіспеншілік сүзі

Өзімшіл сүйіспеншілік, менмендік эгоист басымдылығы. Тек қана менде ғана болсын деп айтатын. Риясыз сүйіспеншіліксіз сүйіспеншілік. Өзара сүйіспеншілік екі адамның арасындағы сезім. Мысалы: ата-ана, ұстаз бен шәкірт. Көңілінде тырнақтай сүйіспеншілігі жоқ жандар өктем өзімшілдіктің, менмендіктің тар қыспағында тұралап қалғандықтан, ешкімді шынайы сүйе алмайды.

Сүйіспеншілік энергиясы дүниені өзгертуге бейім, өмір беруші және демеуші қуатты энергия. Сүйіспеншілік энергиясына қалай берілу керек? Сүйіспеншіліктің көзі не?

Сөзбен, оймен, жанасумен, көзқараспен үлімсүреумен, іспен, эгоизм, ашуыза, көреалмаушылық, шыдамсыздық, сараңдық, қалаулылар. Барлық заттар үлкен бір ойды білдіреді. Ал бұл қандай ой? Бұл ой сүйіспеншілік А. Эйнштейн. Сүйіспеншілік - дүниені өзгертуге бейім, өмір беруші және демеуші қуатты энергия. Байқағанымыздай сүйіспеншілік өте қуатты энергия секілді. Біз өзгелерге деген сүйіспеншілік сезімімізді білдіре отырып одан күш қуат аламыз, сезінеміз. Ал адамда сүйіспеншіліктің жетіспеуі, ол қуаттың аздығынан сипатталады. Демек өзгелерге сүйіспеншілік танытуымыз үшін де, қуатымыз күшті болуы керек екендігін байқадық. Сонымен қатар қазіргі жаңа бағыттағы өзін-өзі тануда сүйіспеншіліктің мына секілді берік ұғымдары қалыптасқан. Яғни оқушылардан талап етуден бұрын оларға өзіміз қол ұшын беруіміз қажет; дамыту арқылы бойларындағы ерекшеліктерін ашуға талпына білуіміз қажет; өзгелерден сұрамас бұрын ең алдымен өзіміз беруіміз қажет және де ең соңғысы нәтиже күтпес бұрын сол үрдіс барысында нәтижеге қол жеткізе алатын жағын көре алуымыз қажет. Демек адам өзгелерден сұраудың орнына ең алдымен өзі соны өзгелерге бере алуы қажет. Сонда ғана өзге адамдарда шын ниетпен, сүйіспеншілік таныта отырып көмек қолын созуға тырысады. Тағы да бір айта кететін жағдай, қоғамымыздағы өтіріктің, алдап-арбаудың, жасампаздықтың, зорлық-зомбылықтың көбейіп кең етек жайып келе жатқандығында. Ал бұндай жағдайдың бірден-бір себебі адамдардың бір-бірлеріне, сүйіспеншілікпен, махаббатпен қарамауында. Себебі біздің өзгелерге қандай әрекет жасауымыз, басқаларды да бізге сондай әрекетпен

	<p>қарауға итермелейді.Егерде біз өзгелерге риясыз,қайтарым күтпестен ,тек жақсылық тілеу арқылы әрбір әрекетімізді сүйіспеншілікпен жасайтын болсақ өзгелердің де бізге сондай сүйіспеншілік таныта алатындары сөзсіз.</p>		
<p><b>Негізгі бөлім</b> <b>20 мин</b></p>	<p>Мұғалім оқушыларға тапсырма беріледі. Әр тапсырма бойынша егжей-тегжейге назар аударып, жалпылап, дәлелдейді. Тапсырма топтық жұмыс орындау. Сүйіспеншілік түрлеріне байланысты үш топқа бөлініп, талқылау.</p> <p style="text-align: center;"><i>Сүйіспеншіліктің негізгі түрлері</i></p>  <p>Осы сурет бойынша топпен талқылау. Демонстрация мүмкіндіктері: <a href="https://www.google.com/search?q=%D2%9B%D2%B1%D0%B">https://www.google.com/search?q=%D2%9B%D2%B1%D0%B</a></p>	<p><b>Тапсырма 1</b> <b>Жеке жұмыс</b></p>	<p>Бағалау критерийлері: егжей-тегжейге назар аудару, жалпылау, дәлелдеу.</p>
<p><b>Қорытындылау:</b> <b>5 мин</b></p>	<p>«Нәтиже» айдарымен жұмысты ұйымдастыру.</p>  <p>Осы сілтеме бойынша топпен талқылау Суретке анықтама береміз.</p>	<p>YouTube платформасында ізденіңіз. Жеке оқулықтарды қараңыз.</p>	<p>Болжалды сәйкестік ұсынылған жауаптар құрылымы.</p>

<b>Рефлексия</b> 5 мин	Рефлексия «Білім ағашы». Білім ағашында ұсынылған өзіңізді белгілеңіз.	Оқушылардың деңгейлерін анықтайды. Олардың білімдері мен дағдылары және	
---------------------------	---	---	--

«Балдәурен»РОСО филиалы

Қысқа мерзімді жоспар

<b>Сабақ 3.</b> <b>Тарау 1. Парассаттылық және этика</b>		<b>Мектеп:</b>	
<b>Мерзімі:</b>		<b>Мұғалім:</b>	
<b>Сынып: 9</b>		<b>Сабаққа қатысқандар:</b>	<b>Сабаққа қатыспағандар:</b>
<b>Сабақтың тақырыбы:</b>		Адалдық пен әділдік өмірлік ұстаным ретінде	
<b>Сабақтың мақсаты:</b>		Оқушыларға адам бойындағы ең асыл қасиет туралы түсінік бере отырып, адалдық, әділдік ұғымын түсіндіру.	
<b>Сабақ кезінде:</b>			
<b>Сабақ кезеңі</b>	<b>Мұғалімнің іс-әрекеті</b>	<b>Оқушылардың іс-әрекеті</b>	<b>Ресурс</b>
<b>Мотивация</b> 5 мин	Сәлемдесу. Мұғалім оқушыларға өмір ұстанымы не екенін ұғындыру. Оқушылар берілген сұрақтарға жауап береді. Адалдық пен әділдік дегеніміз не?	Оқушылар берілген сұрақтарға жауап береді.	Дәптер, АКТ
<b>Кіріспе</b> 5 мин	<b>Әділдік, Әділеттілік</b> (арабша әдл) —әділдік, әділқазылық, шыншылдық; турашылдық, адалдық, дұрыстық; әдәләт — 1) әділқазылық; 2) юстиция — дәстүрлі құқықтық мәдениетте адамдар арасындағы өзара қарым-қатынастың белгілі тәртібіне тікелей қатысты принцип, адамның қоғам алдындағы ғана емес, сонымен бірге қоғамның тұлға үшін де жауаптылығын көрсететін, адамның өмір сүру жағдайлары мен сапасын білдіретін әлеуметтік-этикалық категория. <b>Әділдік</b> — ізгіліктің ірге тасы. “Кімде-кімнің әділдігі жоқ болса, оның ұяты да жоқ” (Абай). Әділдік уақыт ағынында өзгеріп отырады. Оның алғашқы түріне көне қоғамдағы “жазалаушы әділеттілік” деген жатады. “Қанға қан, жанға жан”, талион, кек алу принциптері ілкі санада әділдік саналды. Қылмыс пен жаза, әрекет пен айыптау мәселелері әділдіктің осы түсінігімен түбірлес. Қоғамдағы меншіктік қатынастардың қалыптасуына байланысты жазалаушы әділдіктің	Оқушылар мұғалім оқыған лекцияны мұқият тыңдайды.	Дәптер, АКТ



орнына оны тепе-теңдік тұрғыдан түсіну алдыңғы қатарға шықты. Қоғамдық байлықты барлығына бірдей үлестіру идеясы әділдік талабына айналды. Бұл ұран желеуімен талай қантөгістер, революциялар, бүліктер жүріп жатты. Әлеуметтік әділетті орнатамыз деген желеумен бір ғасырға жуық коммунистер өз халықтарына бақытсыздық әкелді. Социализм қоғамы “байлық — бұл әділетсіздік, ол кісіні аздырады, адам неғұрлым кедей болса, оның руханилығы жоғарылай түседі” деген жаңсақ пікірді құлаққа құйып келді. Шын мәнісінде, қабілеті мен білігі тең емес адамдарға мүлікті бірдей үлестіріп беру әділетсіздіктің айқын көрінісіне жатады. Мұндай түсінік әлеуметтік енжарлыққа әкеп соғады. Алайда, әлеуметтік теңдік — өркениетті қоғам құрудың басты шарты. Адамдар құдай алдында, әдеп, құқық, заң алдында тең және бірдей мүмкіндікке ие.

Нарықтық қоғамда “мүмкіндіктер теңдігі мен әділеттілігі ” деген өмірлік принцип кең етек жайған. Қоғамдық қатынастар әрбір адамның өзіндік мақсатына жету мүмкіндіктерін шектемеуі керек. Әділдіктің басты өлшемі — адам құқықтары теңдігінің жүзеге асуы. “Нәтижелер теңдігі” қоғамдық байлықты өмірде табысқа жете алмаған адамдардың пайдасына қайта бөлуге әкеледі. Бұл экономиканың даму ынталылығын азайтады. Мысалы, дәрігер мен санитардың, профессор мен ассистенттің еңбегін тең бағалау әділетсіздікке жатады. Алайда қоғам мүліктік теңсіздікті тым шарықтатып жібермеуге тырысуы қажет. Қоғам үшін пауперлер мен люмпендердің, кедей адамдардың қатары көбеюі қымбатқа түседі. Ол қоғамдық ынтымақтастық пен тұрақтылыққа кері әсерін тигізеді.

**Адалдық** — адам мінезіндегі бағалы қасиет;

жеке тұлғаның сана-сезіміне, ар-ұжданына қайшы келмейтін, халықтың мақсат-мүддесін көздейтін, тарихи шындықпен, прогреспен ұштасып жататын іс-әрекеттер. Әрбір қоғамның адалдық жайында өзіндік пайым-түсінігі бар. Қарапайым халық әрқашан да адалдық қасиеттерін кіршіксіз таза ұстауға ұмтылады. “Алдау қоспай, адал еңбегін сатқан, қолы өнерлі — қазақтың әулиесі сол”, — дейді Абай. Адалдық адамның жеке басы мен моральдық тұлғасын сипаттайды. Ол туа пайда болмайды. Қоғамның дамуына сәйкес әрбір адамның өнегелі тәрбиесіне, оқып білім алуы мен адал еңбектену процесінде қалыптасады. Адалдық жеке тұлғалар мен адамдардың абырой-атағын арттыратын ізгі қасиет.

**АДАЛДЫҚ** - адам бойындағы таза ниет, бағалы қасиет, адамның сана-сезімі мен ар-ұжданына қайшы келмейтін әрекеттердің моральдық-этикалық жиынтығы. Қазақ пайымында адам бойында адалдық пәктік, ар-ұждан, жан тазалығы тәрізді қасиеттердің қалыптасқан нормаға сай болуы керек. Көшпелі қазақтардың адамгершілік, адалдық қасиеттері тұрғысынан кіршіксіз таза, мәрт болатындығы туралы шетелдік саяхатшылардың қолжазбалары мен күнделіктерінде көп айтылады.

Қазақтың адалдық жайында өзіндік пайым-түсінігі туралы Ұлы Абай: «Алдау қоспай, адал еңбегін сатқан, қолы өнерлі қазақтың әулиесі сол», - дейді. Адамгершілік ұжымдық ортада бойына сіңірген тәрбиесіне, біліміне, адал еңбектенуге байланысты қалыптасып, адамның жеке басы мен моральдық тұлғасын сипаттайды .

Шәкәрім қажы адалдық турасында: Мақтан үшін мал жима, жан үшін жи, Гибадат пен пен адалдық ар үшін жи, - деп, бақыттың өзі


	<p>адалдыққа негізделетінін айта келіп, адалдықтың ар біліміне қатысына да ерекше көңіл бөледі. Адалдық қорғау қажеттігін, ол үшін адам бойындағы асыл қасиеттердің бірлікте болуын ашып көрсетеді.</p>		
<p><b>Негізгі бөлім</b> <b>20 мин</b></p>	<p>Мұғалім оқушыларға тапсырма беріледі. Әр тапсырма бойынша егжей-тегжейге назар аударып, жалпылап, дәлелдейді. Тапсырма топтық жұмыс орындау. Осы сурет бойынша топпен талқылау.</p> <div style="border: 1px solid black; padding: 5px; margin: 5px 0;"> <p style="text-align: center;"><i>«Адалдық» тобы:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>➤ «Адалдық – ардың ісі»,</li> <li>➤ «Халқыңа адал бол, жауыңа қатал бол, досыңа адал бол»,</li> <li>➤ «Адалдық жүрген жерде адамдық жүреді»</li> </ul> </div> <div style="border: 1px solid black; padding: 5px; margin: 5px 0;"> <p style="text-align: center;"><i>«Әділдік» тобы:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>➤ «Әділ сөйлеп, адал жүр»,</li> <li>➤ «Әділ сөз ашы көрінер»,</li> <li>➤ «Хан әділ болса, халықынты мақты болады»</li> </ul> </div> <p>Топпен осы суретке көрсетілген дәйексөздерді талқылау. Демонстрация мүмкіндіктері: <a href="https://www.google.com/search?q=%D2%9B%D2%B1%D0%B">https://www.google.com/search?q=%D2%9B%D2%B1%D0%B</a></p>	<p><b>Тапсырма 1 Жеке жұмыс</b></p>	<p>Бағалау критерийлері: егжей-тегжейге назар аудару, жалпылау, дәлелдеу.</p>
		<p><b>Тапсырма 2 Жеке жұмыс</b></p> <p>Жағдаят есептерді шешу</p>	<p>Демонстрация мүмкіндіктері</p> <p>Іс-әрекеттердің сәкестігі бағаланды.</p>
<p><b>Қорытындылау:</b> <b>5 мин</b></p>	<p>«Нәтиже» айдарымен жұмысты ұйымдастыру.</p> <p>1 – жағдаят</p> <p>Ажар мен Алмагүл сабақтан келе жатыр еді. Ажар жарнамадан жаңа фильмнің басталғанын көріп: - Менің қалтамда апам “Самса алып жерсің” деп берген ақша бар. Кеттік, кино көрейік, - деді.</p> <p>Алмагүл:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Үйден сұранып шыққан жоқпыз, іздеп қалады ғой - деп, іркіліп қалды.</li> <li>- Ештеңе етпес, “мектепте болдық”деп айта</li> </ul>	<p>YouTube платформасында ізденіңіз. Жеке оқулықтарды қараңыз.</p>	<p>Болжалды сәйкестік ұсынылған жауаптар құрылымы.</p>

	<p>саламыз. * Ажардың ұсынысына сен қалай жауап берер едің?</p> <p>2 - жағдаят Менің ең жақын досым мектепте бір баламен достасқан, ол күнделікті кешке қарай мені өзімен бірге серуендеп жүруге шақырады. Ол: “Менің анам сенімен бірге жүргенімді білсе қарсы болмайды”, - дейді. Досыма үйінде ата - анасы ұрыспауы үшін мен бірнеше рет телефон арқылы оларға өтірік айттым. Басында мен қиналмастан оларды жасырып жүрдім, ал қазір олар мені пайдаланып жүр, ал мен күнде өтірік айтуды ұнатпайтын болдым. Мен досымнан ажырағым келмейді. Сонда менің не істеуім керек. Осы сілтеме бойынша топпен талқылау Жағдаят шешу.</p>		
<p><b>Рефлексия</b> 5 мин</p>	<p>Рефлексия «Білім ағашы». Білім ағашында ұсынылған өзіңізді белгілеңіз.</p>	<p>Оқушылардың деңгейлерін анықтайды. Олардың білімдері мен дағдылары және</p>	

«Балдәурен»РОСО филиалы

Қысқа мерзімді жоспар

<b>Сабақ 4.</b> <b>Тарау 1. Парассаттылық және этика</b>		<b>Мектеп:</b>	
<b>Мерзімі:</b>		<b>Мұғалім:</b>	
<b>Сынып: 9</b>		<b>Сабаққа қатысқандар:</b>	<b>Сабаққа қатыспағандар:</b>
<b>Сабақтың тақырыбы:</b>		Ұжымдық қарым-қатынас мәдениеті	
<b>Сабақтың мақсаты:</b>		Оқушыларға ұжымдық ұғымын түсіндіру арқылы, қарым-қатынас мәдениеті мәнін ұғындыру.	
<b>Сабақ кезінде:</b>			
<b>Сабақ кезеңі</b>	<b>Мұғалімнің іс-әрекеті</b>	<b>Оқушылардың іс-әрекеті</b>	<b>Ресурс</b>
<b>Мотивация</b> 5 мин	Сәлемдесу. Мұғалім оқушыларға өмір ұстанымы не екенін ұғындыру. Оқушылар берілген сұрақтарға жауап береді. Ұжымдық қарым-қатынас мәдениеті дегеніміз не?	Оқушылар берілген сұрақтарға жауап береді.	Дәптер, АКТ
<b>Кіріспе</b> 5 мин	<b>Ұжымдық топ.</b> Адамдар топтасуының ұйымдасқан түрі– ұжым, ұжымның міндеті– адамдардың ұйымдасқан тобы. Ұжымның түпкі мақсаты– адамдардың игілікті мұрат – мүдделеріне сәйкес істерді атқарып, қоғамның дамуына өз үлесін қосуы. Ғылыми тұрғыдан алғанда әрбір жеке адам өз қауымдастығында ерікті болғанда ғана пайдалы істермен шұғылдана алады. Сөйтіп қоғамға өз пайдасын тигізеді.  <b>Топтағы адамдардың өзара қарым – қатынас түрлері.</b>  Әлеуметтік ортада азамат өзінің кім екенін былайғы жұртқа қоршаған ортамен сыртқы дүниеге деген қатынас арқылы таныта алады. Адамдар қарым – қатынасының сыр – сипаты қоғамдық өмірде, әсіресе өндірістік істердегі әрекетінен айқын байқалады. Топ ішіндегі адамдардың бір – біріне тәуелделігі, бағынуы, бірлесіп атқаратын істері , өзара көмектесуі – олардың нағыз топтық тіршілігінің заңды түрде қалыптасуын көрсететін сипаттар. Олардың арасындағы қарым – қатынастардың мазмұнды болуы түрлі әлеуметтік жағдайларға және әрбір азаматтың даралық нақты іс – әрекеттеріне байланысты. Мұндағы өзекті мәселе – адамдардың қоғамдық ісінің нәтижелі болуымен әлеуметтік мақсаттылығы. Адамдар арасындағы тікелей қарым – қатынас бір – бірін, ұнатып,	Оқушылар мұғалім оқыған лекцияны мұқият тыңдайды.	Дәптер, АКТ

	<p>қолдау нәтижесінде өрістесе, ал жаман қарым – қатынас олардың бағалы заттарды өзара алмасуы мен істерін бағалау нәтижесінде қалыптасады. Мұндай қатынас негізінен ұжымдық сипат алады</p>		
<p><b>Негізгі бөлім</b> <b>20 мин</b></p>	<p>Мұғалім оқушыларға тапсырма беріледі. Әр тапсырма бойынша егжей-тегжейге назар аударып, жалпылап, дәлелдейді. Тапсырма топтық жұмыс орындау. Осы сурет бойынша топпен талқылау.</p> <div data-bbox="336 506 1153 1111" style="background-color: #ADD8E6; padding: 10px;"> <ul style="list-style-type: none"> <li>• А.В. Лунчарский: “Жаңа адамды қалыптастырудың негізгі жағдайы ұжым болады”- деп көрсетті.</li> <li>• Н.К.Крупская: “Тұлғаның дамуы мен қалыптасу ортасы ұжым” - деп атап айтқан.</li> <li>• В.А.Сухомиллинский: “Әрбір бала тәрбиесі ұжымда негізгі тәрбие құралы болады. Балалар мен тәрбиешілер арасындағы рухани қарым-қатынас ұжымдық қатынастың даму процесі” – деп көрсеткен.</li> </ul> </div> <p>Топпен осы суретке көрсетілген дәйексөздерді талқылау. Демонстрация мүмкіндіктері: <a href="https://www.google.com/search?q=%D2%9B%D2%B1%D0%B">https://www.google.com/search?q=%D2%9B%D2%B1%D0%B</a></p>	<p><b>Тапсырма 1 Жеке жұмыс</b></p> <p><b>Тапсырма 2 Жеке жұмыс</b></p> <p>Жағдаят есептерді шешу</p>	<p>Бағалау критерийлері: егжей-тегжейге назар аудару, жалпылау, дәлелдеу.</p> <p>Демонстрация мүмкіндіктері</p> <p>Іс-әрекеттердің сәкестігі бағаланды.</p>
<p><b>Қорытындылау:</b> <b>5 мин</b></p>	<p>«Нәтиже» айдарымен жұмысты ұйымдастыру.</p> <div data-bbox="336 1279 1189 1758" style="background-color: #90EE90; padding: 10px;">  <p><b>ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС</b> - адамдар арасындағы байланыстың орнауы мен дамуы, ортақ іс-әрекет қажеттілігі мен ақпарат алмасуды қамтамасыз ететін күрделі көп жақты процесс.</p> </div> <p>Осы сілтеме бойынша топпен талқылау Жағдаят шешу.</p>	<p>You Tube платформасында ізденіңіз. Жеке оқулықтарды қараңыз.</p>	<p>Болжалды сәйкестік ұсынылған жауаптар құрылымы.</p>


<b>Рефлексия</b> 5 мин	Рефлексия «Білім ағашы». Білім ағашында ұсынылған өзіңізді белгілеңіз.	Оқушылардың деңгейлерін анықтайды. Олардың білімдері мен дағдылары және	
---------------------------	---	---	--

«Балдәурен»РОСО филиалы

Қысқа мерзімді жоспар

Сабақ 5. Тарау 1. Парассаттылық және этика		Мектеп:	
Мерзімі:		Мұғалім:	
Сынып: 9		Сабаққа қатысқандар:	Сабаққа қатыспағандар:
Сабақтың тақырыбы:		Адамның таным көкжиегі	
Сабақтың мақсаты:		Оқушыларға адамдық таным ұғымын түсіндіру арқылы, таным мәнін ұғындыру.	
Сабақ кезінде:			
Сабақ кезеңі	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті	Ресурс
Мотивация 5 мин	Сәлемдесу. Мұғалім оқушыларға өмір ұстанымы не екенін ұғындыру. Оқушылар берілген сұрақтарға жауап береді. Адамның таным көкжиегі дегеніміз не?	Оқушылар берілген сұрақтарға жауап береді.	Дәптер, АКТ
Кіріспе 5 мин	"Таным" деген не?", "Білімді қалай алуға болады?" деген мәселелер төңірегінде ойлана отырып, адам сонау ежелгі заманда-ақ өзін табиғаттың бір бөлшегі ретінде сезінген. Уақыт өте келе бұл мәселені саналы қойылуы және оны шешуге тырысуы салыстырмалы тәртіпті пішін алып, сол кезде білім туралы ілім қалыптасты. Философтар таным теориясының мәселелері төңірегінде ой қозғай бастады. Гносеология — айналадағы әлемді тану туралы философиялық ғылым. Таным теориясы немесе гносеология (грекше gnosis — білім, таным) — философиямен бірге, оның іргелі бөлімдерінің бірі ретінде пайда болды және қалыптасты. Ол адам танымының сипатын, білімінің формаларын, оның жадағай түрінен тереңіне бойлау әдістерін зерттейді. Гносеологиядағы орталық ұғымдарға "таным субъектісі" мен "таным объектісі", "білім", "таным" жатады. <b>Таным субъектісі</b> деп белгілі бір мақсатқа бағытталған танымдық қызметті атқарушыны айтамыз. Ол — бірдеңені танып, білуге тырысушы. Ол адам немесе тұтастай қоғам болуы мүмкін. <b>Таным объектісі</b> деп танымдық қызмет бағытталған нәрсені айтамыз. Демек, ол танылушы, былайша айтқанда, кітап, молекула, атом, адам немесе тұтастай табиғат болуы мүмкін. Таным объектісі материялық, дүние немесе рухани құбылыс, сонымен қатар субъектінің өзі де болуы мүмкін. Таным объектісі мен субъектісі бір-бірінің мәнділігін шарттастырады: субъектісіз объект болмайды, объектісіз субъект болмайды. Таным үдерісінде олар бір-біріне маңыз аларлық ықпал етеді. Сонда танымдық қызмет субъекті мен объект қатынасы және олардың өзара әрекеттесуі болып шығады.  Ежелден адамзат жаңа білімдерді алуға әрқашанда	Оқушылар мұғалім оқыған лекцияны мұқият тыңдайды.	Дәптер, АКТ



	<p>ұмтылғаны белгілі. Тіршілік құпияларын меңгеру — адамзаттың ұлы мақтанышы болып табылатын ақылдың шығармашылық белсенділігіне жоғары ұмтылыстарының көрінісі. Өзінің мың жылдық дамуында ол болмыстың мәніне үңілудің және шектеуліден жан-жақты шындыққа жетудің ұзақ және күрделі жолынан өтті. Бұл жолда көптеген айғақтар, табиғаттың, қоғамдық өмір мен адамның өзінің қасиеттері және заңдары ашылды. Әлемнің суреттемесі өзгерді. Қазіргі уақытта адамзат білімі аса бай және күрделі жүйені құрайды және оның ұрпақтан-ұрпаққа, бір елден екінші елге таралуы тез жүзеге асырылады.</p>		
<p><b>Негізгі бөлім</b> <b>20 мин</b></p>	<p>Мұғалім оқушыларға тапсырма беріледі. Әр тапсырма бойынша егжей-тегжейге назар аударып, жалпылап, дәлелдейді. Тапсырма топтық жұмыс орындау. Осы сурет бойынша топпен талқылау.</p>  <p>Топпен осы суретке көрсетілген дәйексөздерді талқылау. Демонстрация мүмкіндіктері: <a href="https://www.google.com/search?q=%D2%9B%D2%B1%D0%B">https://www.google.com/search?q=%D2%9B%D2%B1%D0%B</a></p>	<p><b>Тапсырма 1</b> <b>Жеке жұмыс</b></p>	<p>Бағалау критерийлері: егжей-тегжейге назар аудару, жалпылау, дәлелдеу.</p>
		<p><b>Тапсырма 2</b> <b>Жеке жұмыс</b></p> <p>Жағдаят есептерді шешу</p>	<p>Демонстрация мүмкіндіктері</p> <p>Іс-әрекеттердің сәкестігі бағаланды.</p>
<p><b>Қорытындылау:</b> <b>5 мин</b></p>	<p>«Нәтиже» айдарымен жұмысты ұйымдастыру.</p>	<p>You Tube платформасында ізденіңіз. Жеке оқулықтарды қараңыз.</p>	<p>Болжалды сәйкестік ұсынылған жауаптар құрылымы.</p>

	<p style="text-align: center;"><b>Сұрақтар:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Таным дегеніміз не? Оның теориясының маңызы неде?</li> <li>2. Танымның түрлері қандай?</li> <li>3. Таным – шындықты бейнелеу. Танымның субъектісі мен объектісі.</li> <li>4. Білім құрылымы. Сезімдік және рационалдық таным.</li> <li>5. Философиядағы ақиқат мәселесі. Ақиқаттың объективтілігі. Абсолюттік және салыстырмалы ақиқат диалектикасы. Ақиқат өлшемі.</li> <li>6. Танымның эмпирикалық және теориялық деңгейлері, олардың құрылымы.</li> <li>7. Айғақтың мағынасы және оның рөлі қандай?</li> </ol> <p>Осы сілтеме бойынша топпен талқылау</p>		
<p><b>Рефлексия</b> 5 мин</p>	<p>Рефлексия «Білім ағашы». Білім ағашында ұсынылған өзіңізді белгілеңіз.</p>	<p>Оқушылардың деңгейлерін анықтайды. Олардың білімдері мен дағдылары және</p>	

«Балдәурен»РОСО филиалы

Қысқа мерзімді жоспар

<b>Сабақ 7.</b> <b>Тарау 1. Азаматтық және патриотизм</b>		<b>Мектеп:</b>	
<b>Мерзімі:</b>		<b>Мұғалім:</b>	
<b>Сынып: 9</b>		<b>Сабаққа қатысқандар:</b>	<b>Сабаққа қатыспағандар:</b>
<b>Сабақтың тақырыбы:</b>		Өзгеге деген сыйластық, өзіңе деген сыйластық	
<b>Сабақтың мақсаты:</b>		Оқушыларға сыйластық ұғымын түсіндіру арқылы, өзіңе және өзгеге деген сыйластық мәнін ұғындыру.	
<b>Сабақ кезінде:</b>			
<b>Сабақ кезеңі</b>	<b>Мұғалімнің іс-әрекеті</b>	<b>Оқушылардың іс-әрекеті</b>	<b>Ресурс</b>
<b>Мотивация</b> 5 мин	Сәлемдесу. Мұғалім оқушыларға өмір ұстанымы не екенін ұғындыру. Оқушылар берілген сұрақтарға жауап береді. Сыйластық дегеніміз не?	Оқушылар берілген сұрақтарға жауап береді.	Дәптер, АКТ
<b>Кіріспе</b> 5 мин	Халқымыз ежелден адамгершілік, инабаттылық, сыйластық сияқты асыл қасиеттерді өз бойына сіңіріп және ардақ тұтып келеді. Адам өмірге келгеннен киін зара сыйласу баршаға ортақ қасиет. Тіршілік иелерінің ішінде адам санасымен ерекшеленеді. Жұмыр басты пенде, ең алдымен өзін өзі сыйлау білуі қажет. Егерде ібөзінді өзің құрметтеп бағалай білмесең, өзгеден сый құрмет көрем деу бекершілік. Қазақ қашанда философ халық қой. « Өз өзіңді жаттай сыйла, жат жаныңнан түңілсін» деген мақалдың астарыннан ақ көп нәрсе аңғаруға болады. Сыйласа білуде үлкен өнер. Адам өміріндегі ізгі қасиеттер сыйластық татулық болып табылады. Адамдар бір бірімен сыйласа білсе ғана олардың арасында татулық, береке болмақ. Егер сен айналандағы жандарды сыйлай білсең ғана, өзіңді сыйлы бола аласың. Қазақтың « Сыйға сый, сыраға бал» деген ұғымы осының айғағы. Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете білу асқан ілтипаттылықтың белгісі. Алайда қазіргі кезде	Оқушылар мұғалім оқыған лекцияны мұқият тыңдайды.	Дәптер, АКТ


	<p>замандастармыздың бойында осы қасиеттер жетіспей жатыр. Бұл бүгінгі өміріміздің өзекті мәселелердің бірі. Сол себепті бүгінгі сабағымыз сайыс түрінде болмақ.</p>		
<p><b>Негізгі бөлім</b> <b>20 мин</b></p>	<p>Мұғалім оқушыларға тапсырма беріледі. Әр тапсырма бойынша егжей-тегжейге назар аударып, жалпылап, дәлелдейді. Тапсырма топтық жұмыс орындау. Осы сурет бойынша топпен талқылау.</p>  <p>Адамның басшысы - ақыл, шолушысы - ой, жетекшісі - талап, қорғаушысы - сабыр, сынаушысы - халық, таусылмайтыны - арман, ең қымбаттысы - ар сақтау, бәрінен ардақтысы - өмір сүру, соның ішінде ең тәттісі - сыйластық.</p> <p>ТӨЛЕ БИ</p> <p>Топпен осы суретке көрсетілген дәйексөздерді талқылау. Демонстрация мүмкіндіктері: <a href="https://www.google.com/search?q=%D2%9B%D2%B1%D0%B">https://www.google.com/search?q=%D2%9B%D2%B1%D0%B</a></p>	<p><b>Тапсырма 1 Жеке жұмыс</b></p>	<p>Бағалау критерийлері: егжей-тегжейге назар аудару, жалпылау, дәлелдеу.</p>
<p><b>Қорытындылау:</b> <b>5 мин</b></p>	<p>«Нәтиже» айдарымен жұмысты ұйымдастыру.</p>  <p>Бір кішкентай баладан сұраған екен: -"Кешіру деген не?"-деп. Сонда әлгі баланың берген жауабы: -" Кешіру деген ол-гүлдің үстінен қанша таптаса да, жұпар иіс шығарып тұруы".</p> <p>Осы сілтеме бойынша топпен талқылау</p>	<p><b>Тапсырма 2 Жеке жұмыс</b></p> <p>Жағдаят есептерді шешу</p>	<p>Демонстрация мүмкіндіктері</p> <p>Ис-әрекеттердің сәкестігі бағаланды.</p> <p>YouTube платформасында ізденіңіз. Жеке оқулықтарды қараңыз.</p> <p>Болжалды сәйкестік ұсынылған жауаптар құрылымы.</p>

<b>Рефлексия</b> 5 мин	Рефлексия «Білім ағашы». Білім ағашында ұсынылған өзіңізді белгілеңіз.	Оқушылардың деңгейлерін анықтайды. Олардың білімдері мен дағдылары және	
---------------------------	---	--	--

«Балдәурен»РОСО филиалы

Қысқа мерзімді жоспар

<b>Сабақ 7.</b> <b>Тарау 1. Азаматтық және патриотизм</b>		<b>Мектеп:</b>	
<b>Мерзімі:</b>		<b>Мұғалім:</b>	
<b>Сынып: 9</b>		<b>Сабаққа қатысқандар:</b>	<b>Сабаққа қатыспағандар:</b>
<b>Сабақтың тақырыбы:</b>		Өзгеге деген сыйластық, өзіңе деген сыйластық	
<b>Сабақтың мақсаты:</b>		Оқушыларға сыйластық ұғымын түсіндіру арқылы, өзіңе және өзгеге деген сыйластық мәнін ұғындыру.	
<b>Сабақ кезінде:</b>			
<b>Сабақ кезеңі</b>	<b>Мұғалімнің іс-әрекеті</b>	<b>Оқушылардың іс-әрекеті</b>	<b>Ресурс</b>
<b>Мотивация</b> 5 мин	Сәлемдесу. Мұғалім оқушыларға өмір ұстанымы не екенін ұғындыру. Оқушылар берілген сұрақтарға жауап береді. Сыйластық дегеніміз не?	Оқушылар берілген сұрақтарға жауап береді.	Дәптер, АКТ
<b>Кіріспе</b> 5 мин	Халқымыз ежелден адамгершілік, инабаттылық, сыйластық сияқты асыл қасиеттерді өз бойына сіңіріп және ардақ тұтып келеді. Адам өмірге келгеннен киін зара сыйласу баршаға ортақ қасиет. Тіршілік иелерінің ішінде адам санасымен ерекшеленеді. Жұмыр басты пенде, ең алдымен өзін өзі сыйлау білуі қажет. Егерде ібөзінді өзің құрметтеп бағалай білмесең, өзгеден сый құрмет көрем деу бекершілік. Қазақ қашанда философ халық қой. « Өз өзіңді жаттай сыйла, жат жаныңнан түңілсін» деген мақалдың астарыннан ақ көп нәрсе аңғаруға болады. Сыйласа білуде үлкен өнер. Адам өміріндегі ізгі қасиеттер сыйластық татулық болып табылады. Адамдар бір бірімен сыйласа білсе ғана олардың арасында татулық, береке болмақ. Егер сен айналандағы жандарды сыйлай білсең ғана, өзіңді сыйлы бола аласың. Қазақтың « Сыйға сый, сыраға бал» деген ұғымы осының айғағы. Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете білу асқан ілтипаттылықтың белгісі. Алайда қазіргі кезде	Оқушылар мұғалім оқыған лекцияны мұқият тыңдайды.	Дәптер, АКТ

	<p>замандастармыздың бойында осы қасиеттер жетіспей жатыр. Бұл бүгінгі өміріміздің өзекті мәселелердің бірі. Сол себепті бүгінгі сабағымыз сайыс түрінде болмақ.</p>		
<p><b>Негізгі бөлім</b> <b>20 мин</b></p>	<p>Мұғалім оқушыларға тапсырма беріледі. Әр тапсырма бойынша егжей-тегжейге назар аударып, жалпылап, дәлелдейді. Тапсырма топтық жұмыс орындау. Осы сурет бойынша топпен талқылау.</p>  <p>Адамның басшысы - ақыл, шолушысы - ой, жетекшісі - талап, қорғаушысы - сабыр, сынаушысы - халық, таусылмайтыны - арман, ең қымбаттысы - ар сақтау, бәрінен ардақтысы - өмір сүру, соның ішінде ең тәттісі - сыйластық.</p> <p>ТӨЛЕ БИ</p> <p>Топпен осы суретке көрсетілген дәйексөздерді талқылау. Демонстрация мүмкіндіктері: <a href="https://www.google.com/search?q=%D2%9B%D2%B1%D0%B">https://www.google.com/search?q=%D2%9B%D2%B1%D0%B</a></p>	<p><b>Тапсырма 1 Жеке жұмыс</b></p>	<p>Бағалау критерийлері: егжей-тегжейге назар аудару, жалпылау, дәлелдеу.</p>
<p><b>Қорытындылау:</b> <b>5 мин</b></p>	<p>«Нәтиже» айдарымен жұмысты ұйымдастыру.</p>  <p>Бір кішкентай баладан сұраған екен: - "Кешіру деген не?" - деп. Сонда әлгі баланың берген жауабы: - "Кешіру деген ол-гүлдің үстінен қанша таптаса да, жұпар иіс шығарып тұруы".</p> <p>Осы сілтеме бойынша топпен талқылау</p>	<p><b>Тапсырма 2 Жеке жұмыс</b></p> <p>Жағдаят есептерді шешу</p>	<p>Демонстрация мүмкіндіктері</p> <p>Ис-әрекеттердің сәкестігі бағаланды.</p> <p>YouTube платформасында ізденіңіз. Жеке оқулықтарды қараңыз.</p> <p>Болжалды сәйкестік ұсынылған жауаптар құрылымы.</p>

<b>Рефлексия</b> 5 мин	Рефлексия «Білім ағашы». Білім ағашында ұсынылған өзіңізді белгілеңіз.	Оқушылардың деңгейлерін анықтайды. Олардың білімдері мен дағдылары және	
---------------------------	---	---	--